ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 шілде №4360-23-00-2/1428 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Сансызбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда қалалық білім бөлімінің Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Марат» атынан әрекет етуші Марат Нурланович Алиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда қалалық білім бөлімінің Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Марат» атынан әрекет етуші Марат Нурланович Алиевті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Марат» атынан әрекет етуші Марат Нурланович Алиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Марат» атынан әрекет етуші Марат Нурланович Алиевтан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 1 889 (бір мың сегіз жүз сексен тоғыз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 782 (бір мың жеті жүз сексен екі) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Елшібеков Б. Е., 12.09.2023

әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.М.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 19.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Елшібеков Б. Е., 12.09.2023

4360-23-3-1/1551